

Мұнай, газ мамандарына сұраныс артып келеді

Қазақстан экономикасының дамуына зор серпін беріп отырған мұнай екені рас. «Қара алтынды» өндіру, одан жанар-жағармайдан басқа күнделікті өмірге қажетті тауар шығару терең білімді, білікті маманды қажет етеді. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіндегі мұнай, газ және полимерлер технологиясы кафедрасы 50 жылдан бері осындай білікті мамандарды даярлап келеді. Біз кафедраның бүгінгі жай-күйімен танысу үшін химия ғылымдарының кандидаты, доцент Нартай Халдаровты әңгімеге тартқан едік.



— Мұнай, газ және полимерлер технологиясы кафедрасының білім беру қызметі мұнай өңдеу, мұнай химиясы өнеркәсібіне мамандар дайындауға бағытталған. Кафедрадағы — «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығын Қазақстанның біраз жоғары оқу орындарында оқытады. Бірақ, біздің университет түлектерінің білімі өзге қалаларға қарағанда басым деп айта аламын. Себебі, жарты ғасырдан бері маман даярлап келе жатқан кафедрамыздың оқытушы-профессор құрамы өте мықты, тәжірибелері мол, — дейді Н. Қаныбекұлы.

Оқу барысында теориямен қатар іс-тәжірибе жинақтаудың маңызы зор. Студенттер алдыңғы қатарлы мұнай-химия және мұнайөңдеу өндірістері саналатын «Петро Казахстан Ойл Продактс», «Атырау мұнай өңдеу зауыты», «Шымкент полипропиленді бұйымдар зауыты», «Экошина», «Марсель Петролеум», «LPG-сервис», «Нефтехимстрой-Юг» секілді компаниялармен тығыз байланыста болып, онда болашақ мамандықтарының қыр-сырын көзбен көріп, тәжірибе жинақтап қайтады. Оның үстіне, заман талабына сәйкес студенттерге қазақша ғана емес, өзге тілдерді де меңгеру мақсатында дәрістер орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі. Қазіргі кезде кафедрада 11 магистрант пен 7 докторант білім алуда.

Жалпы білімдік бағдарламаларды нәтижелі іске асыру, оқу-әдістемелік жұмыстарын жетілдіру, ғылыми-педагогикалық кадрлер біліктілігін жоғарылату мақсатында кафедра дәстүрлі түрде алдыңғы қатарлы төмендегідей ғылыми ұйымдар мен мұнайхимия және мұнай-өңдеу саласындағы өндірістік орындарымен ынтымақтастық қарым-қатынас жасайды. Атап айтқанда, Атырау мұнай және газ институты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Ш. Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университеті, Қазақ-Британ техникалық университеті, Ташкент химия-технологиялық институты, И.М.Губкин атындағы Ресей мұнай және газ мемлекеттік университеті, А.Р. Беруни атындағы Ташкент мем-

лекеттік техникалық университеті, Тюмень мемлекеттік мұнай және газ институты, Д.И. Менделеев атындағы Ресей химия-технологиялық университеті, Кубань мемлекеттік технологиялық университетімен байланыс бар.



2011 жылы академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша кафедрада Жәңгір хан атындағы Батыс-Қазақстан аграрлық-техникалық университеттен студент Г.Зулкашева білім алды. Осы бағдарлама бойынша 3 курс студенттері Е.Когай және А.Громова Қазақ-Британ техникалық университетінде білім алып келді.

2012 жылғы бітіруші кафедра түлектері М.Бинаева, А.Оңалбаева «Болашақ» бағдарламасы аясында өздерінің мамандықтары бойынша магистратураны Канадада жалғастыруда. Осы жылы PhD докторанты А.Шакирова Германия Федеративтік Республикасы Падерборн қаласындағы Падерборн университетінде ғылыми тағлымдамадан өтіп келді. Мемлекеттік білім беру гранты негізінде білім алушы 2-курс студенттері А.Махмут, Г.Досмуханбет академиялық ұтқырлық бойынша 2012-2013 оқу жылының көктемгі семестріне қосалқы білім алу үшін Прага қаласындағы Химия-технологиялық институтына (Чехия) жіберілді.

Кафедрада тәлім алған көптеген түлектер ірі ұлттық компаниялар мен республика және ТМД елдерінің мұнайөңдеу салаларында жұмыс

істейді. Мәселен Н.Кейкин бүгінде «ҚазМұнайГаз» ҰҚ газөңдеу департаментінің директоры қызметін атқаруда, Д.Макеев - «Атырау мұнайөңдеу зауытының» білікті маманы, В.Рубанов - «Экошинаның» бас конструкторы,

күнге артып келеді. Мектеп оқушыларының осы мамандыққа қызығушылығын арттыру мақсатында жыл сайын «Ашық есік» күнін өткізіп тұрамыз. Онда оқушылар қызықты да қиын мамандықтың ерекшеліктерімен танысып, оның болашағының жарқын екендігіне көздерін жеткізіп қайтады, — дейді Н. Халдаров.

Кафедраның жеткен жетістігі бұл ғана емес. 2008 жылы «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» жалпы білім бағдарламасы Германияның АСИИН халықаралық агенттігінде мемлекеттік аккредитациядан өткен. 2009 жылдан бастап университет кафедра түлектеріне «лейбл Евробакалавр» дәрежесін беру құқығына ие болды және де Қазақстанның Жоғары оқу орындары арасындағы рейтинг нәтижесі бойынша Органикалық заттардың химиялық технологиясы білім беру бағдарламасы бакалавр мамандығы бойынша соңғы үш жылда алдыңғы орынды иеленіп келеді (2009 жылы бірінші, 2010 жылы үшінші және 2011 жылы бірінші орын).

Айта кетейік, ОҚМУ жоғарыда аталған мамандық бойынша Республикада ең алғаш болып студенттердің пәндік олимпиадасын ұйымдастырған оқу орны. Биыл да осы дәстүрінен жаңылмай олимпиаданың бірінші туры ақпан айының басында өтіп, үздіктер анықталды. Доданың екінші туры наурыз айында Қазақ-Британ техникалық университетінде өткелі отыр.

Қазақстанда мұнай, газ мамандарына деген сұраныс жыл санап артып келеді. Сондықтан да, осы саланың мамандарын даярлауға ерекше мән берілуде. Үкімет тарапынан берілетін гранттар да көбейтілді. Мәселе мұнымен де толық шешілмейді. Ең бастысы, маман сапалы даярлануы тиіс. Бұл тұрғыдан алғанда Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің мұнай, газ және полимерлер технологиясы кафедрасы өзіне жүктелген міндетті ойдағыдай атқарып келеді.

Айнұр Оңғарбай.